
Марғұлан Ә. Қасым ханның қасқа жолы. – Қазақ совет энциклопедиясы. 6 томдық. – Алматы: Мектеп, – 42 б.

Қазақтың көне тарихы (Дайындаған М. Қани). – Алматы: Жалын, 1993. – 319 б.

Қуандықов Б.Ж. Қасымның қасқа жолынан «Есімге дейін». Қазақтың ата заңдары. Т.4. – Алматы: Жеті жарғы, – 139 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕТ ЕЛДЕРМЕН ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ СЕРІКТЕСТІГІ

Оспанов Т., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің магистранты
(*ғыл.жетекшісі Мусин К.С. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті*)

Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқылары мен бостандықтары деп көрсетуі жоғары құндылық болып табылады [1].

Саяси ой әлемінде демократия өзіндік құндылық және аса маңызды жалпы адамзаттық құндылықтардың мемлекеттік құрылысқа нақты сіңісу көрінісі ретінде қарастырылады. Оған адамның өзі, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жатады. Оларды жоғары құндылық деп тану мемлекеттің адамға қамқорлығы бола отырып, оған материалдық игілік жасаудан артық міндет жоқ екендігін білдіреді.

Еліміз егеменділігін алып, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін оның алдында бірқатар күрделі мәселелерді шешу қажеттігі туындады. Олардың қатарына жеке Үкіметті құру, басқа да мемлекеттің негізін құрайтын мемлекеттік органдарды жасақтау міндеті тұрды. Соның ішінде бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құрып, тәуелсіз мемлекеттің әскери саясатын қалаптастыру мәселесі аса маңызды орынды иеленді. Өйткені әрбір мемлекеттің сырқы саясатта баса назар аударатын бағыттары болады. Ол мемлекеттің ұлтық қауіпсіздігін нығайтып, оны ішкі және сыртқы кедергілерге тосқауыл қоя білетін әскери саясатты қалыптастыруы болып табылады.

Конституцияда және ағымдағы заңдарда бекітілген азаматтардың әскери қызметке байланысты құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан бірінші кезекте іске асыру жолдарында оған барынша жан – жақты көмек көрсетуі қажеттігін білдіреді. Сол себепті елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық реформалар, бірқатар қолданыстағы заңдардың түбегейлі жетілдіру және өзгеру қажеттігін айқындап отыр.

Шындығында, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Конституциясында, Конституциялық заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтарында айқындалған құқықтық мемлекеттің демократиялық идеялары мен қағидалары бірқатар заңдарда, соның ішінде әскери саясатты реттейтін құқықтық нормативтік актілерде айқын көрініс таба алмай отыр.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде құрылуы және оның осы кезеңдегі жаңа геосаяси жағдайы оның ұлтық қауіпсіздік сұрақтарында туындаған мәселелерін шешіп алуын міндеттейді. Соңғы кезеңдегі қазіргі халықаралық жағдайдың ерекше қарқынмен дамуы, мемлекеттердің идеологиялық қарама қарсы келуі, әр

салада, соның ішінде әскери салада сенімділікті нығайту, серіктестікті кеңейту және ынтымақтасу деңгейінің маңызды бола бастағанын айқын танытады.

Қазіргі кезеңде әлем елдерінің алдында жаппай қырып жоятын ядролық және қарапайым қару жаракты қысқарту, әлемдік ядролық соғыстың пайда болу жағдайын азайтуға байланысты әртүрлі шаралар жасалануда.

Қауіпсіздіктің бұл түрлерінің маңыздылығын мойындай отырып, және осы мәселелердің өзектілігін ұғынып, оның ең негізгісі ретінде әскери саясатты алып қарастыруымыз қажет. Өйткені әскери саясат әлемдік тәжірибеде өзіндік қарама-қайшы сипаттарымен үнемі назар аудартып келеді. Сондықтан да әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекет қызметінің маңызды бағыттарының бірі болмақ. Бұл ұлттық қауіпсіздіктің барлық басқа түрлерімен тікелей байланысты. Әскери қауіпсіздік дұрыс қамтамасыз етілмесе, басқа да қауіпсіздіктің түрлеріне нұқсанын тигізеді. Қазіргі уақытта осы заманғы әскери – саяси жағдай көрсетіп отырғандай, оның ахаулы мен болашағының дамуы, сондай-ақ кейбір бағыттарда Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне сыртқы және ішкі қатердің төну мүмкіндігі жоққа шығарылмайды [2, 6].

Қазақстан әскери доктринасында Қазақстан Республикасы өз қарамағындағы күштердің, құралдар мен ресурстардың бар жиынтығымен өзінің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етеді делінген.

Сонымен қатар, әскери доктринада Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды қолдану Конституцияға, қолданыстағы заңнамаға, Қазақстан Республикасы Президентінің әскери қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жарлықтарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Мемлекет басшысының жарлықтарымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану ережелеріне және қолдану жоспарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен басқа да құрамаларын қолдану мақсаттары аталған: кең ауқымды (аймақтық) соғыстарда, егер оны әлдебір мемлекет (мемлекеттер тобы, коалициясы) бастаған болса, Қазақстан Республикасы мен оның одақтастарының тәуелсіздігі мен егеменділігін, территориялық тұтастылығын қорғау, агрессорға төтеп беру, агрессорды жеңіліске ұшырату, агрессорды Қазақстан Республикасы мен оның одақтастарының мүдделеріне жауап беретін шарттарда қарулы әрекеттерін тоқтатуға күштеу; локальды соғыстар мен халықаралық қарулы қақтығыстарда – бүлік ошағын локализациялау, соғыстың, қарулы қақтығыстың аяқталуына немесе оның бастапқы сатыларында тоқтатылуына алғышарттар жасау; агрессорды залалсыздандыру және мен оның одақтастарының мүдделеріне жауап беретін шарттарда реттеуге қол жеткізу; ішкі қарулы қақтығыстарда – заңсыз әскери құрамаларды құрту және жеңу, қақтығысты Қазақстан Республикасы Конституциясы және заңнама негізінде толық реттеуге шарттар жасау; бейбітшілікті қолдау және қалпына келтіру бойынша операцияларда – қақтығысушы тараптарды ажырату, жағдайды тұрақтандыру, әділ бейбіт реттеуге жағдай туғызуға жәрдемдеседі [3,35].

Демек, осы аталғандар негізінде біз әскери қауіпсіздік – бұл мемлекетаралық және ішкі мемлекеттік әскери-саяси жағдай мен мемлекеттік органдардың, ең алдымен, әскери ұйымның, елдің берік қорғаныс қабілеттілігі қамтамасыз етілетін, агрессияның алдын алатын немесе оған төтеп беретін, елдің ұлттық мүдделеріне қауіпті азайтатын немесе оның соғысқа не қарулы қақтығысқа ұласу ықтималын азайтатын, ал мемлекет, қоғам мен тұлға мүдделеріне ішкі не сыртқы әскери қауіп немесе қатер туған жағдайда олардың қарулы қорғанысын қамтамасыз ететін жай-күйі деп анықтай аламыз.

Қазіргі кезеңде оны құқықтық қамтамасыз ету үшін бірінғай және нақты мемлекеттік көзқарасты қалыптастырудың алғашқы қадамдары жасалуда.

Қазақстанда жүргізіліп отырған әскери және құқықтық реформалар осы негізгі міндеттерді орындауға маңызды қадамдар жасауда. Осы міндеттерді орындау барысында әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің әскери ұйымдастырылуы және әскери қауіпсіздік жүйесінің қазіргі талабына жауап беретін қызметтер атқарылуда. Жоғарыдағы айтылған міндеттерді шешу бойынша нақты шаралар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Конституциялық заңдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының нормаларымен реттеледі. Алайда ол біріншіден, қазіргі әрекет етуші заңдарда әскери саясатты қамтамасыз ету саласындағы болып жатқан үрдістерді толығымен алып көрсете алмайды. Екіншіден, оның құрылымын бекітпейді және де Қазақстан Республикасының Қарулы Күшінің әскери ұйымдарды қолдану тәртібі жеткілікті деңгейде нақты көрсетілмеген. Сондықтан осы саладағы құқықтық актілерді жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы: ЮРИСТ, 2011.-Б.40.
 - 2 Западинский А.Б., Колесников Н.П., Бондарев В.В. Национальная безопасность страны и военно-стратегическое равновесие // Военная мысль. – 1997. - № 3. – С. 2-8.
 - 3 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы 1998 ж.26 маусымдағы № 233-1 Қазақстан Республикасының Заңы
- Шаваев А.Х. Концептуальные основы национально-государственной безопасности // Общая теория безопасности. Методологические и социально-политические проблемы. – М.: ВА ГШ, 1994. –С. 32-39.

CONCEPT AND LEGAL NATURE OF THE RIGHT OF PEOPLE AND CITIZENS TO A FAVORABLE ENVIRONMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Qairatqyzy M., Master of Karaganda University named after E.A. Buketov

At the current stage of human development, there are important trends in the establishment and implementation of human rights and freedoms at the international and national levels. The Constitution of the Republic of Kazakhstan, adopted on August 30, 1995, states that one of the basic human rights is the right to a favorable environment.

The constitutional recognition that living in a favorable environment is a natural, inalienable right of every human being is the next step towards strengthening its guarantees, legal methods and approaches. At the same time, the actions of Kazakhstan's legislators should include principles aimed at protecting human life and health, ensuring that the population lives, works and rests in a favorable environment.

Everyone's right to an environment includes real opportunities to live in an environment that meets international and national standards, participation in the preparation, discussion and adoption of environmental decisions, monitoring their implementation, access to accurate and up-to-date environmental information, and compensation for environmental damage.